



|                                              |                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Бөлім:</b>                                | <b>7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар</b>                                                                           |
| <b>Педагогтің аты-жөні:</b>                  | <b>Анарбай Гүлнұр Пернебайқызы</b>                                                                                                    |
| <b>Күні:</b>                                 | <b>2025ж</b>                                                                                                                          |
| <b>Сыныбы:7 А</b>                            | Қатысушылар саны:                      Қатыспағандар саны:                                                                            |
| <b>Сабақтың тақырыбы:</b>                    | Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту».                                                       |
| <b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b> | 7.4.1.5 -қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу<br>7.4.1.6 -қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу |
| <b>Сабақтың мақсаты:</b>                     | -қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін біледі.<br>-қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізе алады.       |
| <b>Құндылықтар</b>                           | • Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу<br>• Ғылымның қоғам өміріндегі маңыздылығын дәлелдеу  |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты                            | Педагогтің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                               | Оқушының іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Бағалау                                                                                                                                                                       | Ресурстар                                                                                                                                           |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы<br>Қызығушылықты ояту.<br>7 мин. | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Оқушыларды элемент, қоспа және қосылыс бойынша үш топқа бөлу (парақшалар арқылы)<br><b>“ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ”</b><br>бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. | Психологиялық ахуал қалыптастыру ,оқушылардың қызығушылығын ояту үшін « Сұрақтары бар қорап» әдісін пайдаланып сергіту сәтін ұйымдастырамын:<br>Қандай жаратылыстану пәндеріне байланысты сөздер білесіңдер?<br>Зат пен денеге мысалдар келтіріңдер?<br>Мұзтау,темір шеге зат па,дене ме? т.б               | <b>Мақсаты:</b><br>Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тындау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. | Стикер<br>фасол салынған қапшық                                                                                                                     |
| <b>Жаңа сабаққа кіріспе</b>                    | Тапсырма.(қ.б - 7бет)                                                                                                                                                                                                                                               | Берілген заттардың ішінен таза заттарды атаңыз:ауа, сутегі ,мыс,сүт,алтын,металл балқымалары, хлор, ерітінділер, азот, тұман, түтін. Таза заттарды алу жолдарын көрсетіңіз.<br>Дескриптор<br>-таза заттарды ажыратады<br>-таза заттарды алу жолдарын атайды.<br>-таза заттармен жұмыс жасау қажеттігі неде? | <b>Мақсаты:</b><br>Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br><b>Тиімділігі:</b><br>оқушының танымдық дағдысы артады.<br><b>Саралау:</b> Бұл                      | <b>Қалыптастырушы бағалау:</b> Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <b>«Жарайсың!»</b> деген <u>мадақтау</u> |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Үй тапсырмасын оқушылар топ арқылы бір-бірін бас бармақ әдісі бойынша бағалайды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | жерде саралаудың                                                                                                  | <u>сөзімен</u> ынталандыру.                  |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-------|---------|--------|--|--|--|-------|--|--|--|-----------|--|--|--|-----|--|--|--|--------|--|--|--|---------|--|--|--|-------|--|--|--|---------|--|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>15 мин. | <b>3-тапсырма.</b> (қ.б-8 бет ) « <b>Өкіл</b> » әдісі бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>Оқушыларға тапсырма бөліп беріледі.Берілген тапсырмалар арқылы , барлық топқа бірдей суреттер топтамасы ұсынылады.<br><br>“ <b>ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ</b> ” бағдарламасы: Фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу, білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені түсіну, зерттеу дағдыларының болуы | Олар сол суреттер көмегімен өздеріне берілген тапсырма бойынша «элемент», «қосылыс» немесе «қоспаның» маңыздылығын сипаттап, ерекшеліктеріне тоқталулары қажет.<br>1-топ – элемент<br>2-топ – қосылыс<br>3-топ - қоспа<br>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Дескриптор<br>- Суреттен элементті көрсетеді.<br>- Суреттен қосылысты көрсетеді.<br>- Суреттен қоспаны көрсетеді. | ДК экраны 7-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| Топтық жұмыс<br>«жалғасын тап» 6 мин        | <b>4-тапсырма</b> (қ.б-9 бет) « <b>Ойлан тап</b> » әдісі бойынша оқушылар семантикалық карта арқылы жаңа сабақты пысықтау - әр оқушыға жеке тапсырма ретінде төмендегідей кесте таратылады                                                                                                                                                                                                                               | Олар төмендегі заттарды элемент, қоспа, қосылыстарға жіктеп берулері қажет.<br><table border="1" data-bbox="564 1368 1082 1771"> <thead> <tr> <th></th> <th>элемент</th> <th>қоспа</th> <th>қосылыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>кетчуп</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>күміс</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>теңіз суы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>ауа</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>оттегі</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>топырақ</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>алтын</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>ас тұзы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> |                                                                                                                   | элемент                                      | қоспа | қосылыс | кетчуп |  |  |  | күміс |  |  |  | теңіз суы |  |  |  | ауа |  |  |  | оттегі |  |  |  | топырақ |  |  |  | алтын |  |  |  | ас тұзы |  |  |  | Дескриптор<br>- Элементтерді кестеге толтырады.<br>- Қоспаларды кестеге толтырады<br>- Қосылыстарды кестеге толтырады<br>- Элемент,қоспа,қосылыстарды ажыратады . | Презентация |
|                                             | элемент                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | қоспа                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | қосылыс                                                                                                           |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| кетчуп                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| күміс                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| теңіз суы                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| ауа                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| оттегі                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| топырақ                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| алтын                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| ас тұзы                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                   |                                              |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |
| Жеке жұмыс<br>5 мин                         | <b>Заттар, қоспалар мен қосылыстарды салыстыру Қауіпсіздік техникасы.</b><br>Қыздырғыш                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 1. Берілген күкірт, темір, темір (II) сульфидінің үлгілерін мұқият қараңдар. Бұл заттардың физикалық қасиеттерін сипаттаңдар, бақылағандарыңды кестеге түсіріңдер.<br>2. Күкірттің және темірдің әрқайсысынан бір-бір бөліктен шпа-тельмен алып,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                   | ДК экраны 7-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері  |       |         |        |  |  |  |       |  |  |  |           |  |  |  |     |  |  |  |        |  |  |  |         |  |  |  |       |  |  |  |         |  |  |  |                                                                                                                                                                   |             |

|                                                                |                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                     |
|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                | <p>аспаптармен жұмыс ережесін сақтау.</p> <p><b>“ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ”</b></p> <p>бағдарламасы:</p> <p>Сыни тұрғыдан ойлау,<br/>сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы түсініктерді сыни көзқарастың болуы</p> | <p>стақанға салыңдар. Қоспаны шыны таяқшамен араластырыңдар. Қоспаны мұқият қараңдар. Бақылауларыңды кестеге түсіріңдер.</p> <p>3. Таза заттарды зерттеңдер (күкіртті, темірді және темір сульфидін) және дайындалған қоспаға магнитпен әсер етіңдер. Бақылауларыңды кестеге түсіріңдер.</p>                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                     |
| <p>Сабақтың соңы<br/>Ой толғаныс.<br/>Рефлексия<br/>7 мин.</p> | <p><b>Таза заттар және темір-күкіртті қоспаның салыстырмалы сипаттамалары</b></p>                                                                                                                                                  | <p>1. Темір мен күкіртті араластырғаннан кейін темір заты мен күкірт заты өз қасиеттерін сақтай ма?</p> <p>2. Темір сульфидін физикалық тәсілдермен жай заттарға бөлуге бола ма?</p> <p>3. Темір сульфиді (FeS) күрделі затында темір заты мен күкірт заты өздерінің бастапқы қасиеттерін сақтай ма?</p> <p>Жауаптарыңды түсіндіріңдер</p> <p>Бағалау топтар бір-бірін бағдаршам әдісі бойынша бағалайды,</p> <p>Үйге тапсырма: §2 – оқу, жаңа термин сөздерді қолданып, глоссарий жасау</p> | <p>Мұғалім оқушыларды <b>«Жапондық бағалау»</b> әдісі арқылы бағалайды. Яғни <i>«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».</i> Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p> |  |